

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Күдік туралы хабарлау регламенті	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 1 - 9
---	-------------------------------------	---

## КҮДІК ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

### РЕГЛАМЕНТІ

Қарағанды

Құжаттарды рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 2 - 9
---	---	---

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5	Жалпы ережелер	5
6	Ақпаратты ашу және арыз-шағымды қарау тәртібі	6
7	Регламентті келісу, бекіту және іске енгізу	7
8	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	8
9	Сақтау	8
10	Талдау және маңыздандыру	8
11	Регламентке өзгеріс енгізу	9
	А қосымшасы. Келісім парағы	10
	Б қосымшасы. Танысу парағы	11

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 3 - 9
---	---	---

## **1 Қолдану саласы**

Күдік туралы хабардар етудің Осы регламенті (бұдан әрі – Регламент) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, оның ішінде парақорлық жасағаны/жасауға әрекет еткен күдік туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін бұзу немесе әлсірету туралы, оның ішінде «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Қоғам) әдепке сай емес іскерлік тәжірибеге әкеп соғатын әдепке жатпайтын мінез-құлық туралы хабардар ету тәртібін белгілейді.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы құжатталған рәсімде «Құжатталған ақпаратты басқару» ДП Х-01 сілтемелері пайдаланылды.

## **3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар**

Осы құжатталған рәсімде мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлық – басқару функцияларын орындайтын адамдардың өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі алу немесе алу мақсатында немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өздері не үшінші тұлғалар үшін заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

Парақорлық – пара ұсыну, пара беруге уәде ету, пара беру, пара алу, мемлекеттік міндеттерді орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының делдалдық жасау әрекеті (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша парақорлыққа қылмыс болып табылады;

Пара алу – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының жеке өзі немесе делдал арқылы өзі үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке

Құжаттарды рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 4 - 9
---	---	---

құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда түріндегі пара алуы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе, басқа адамдардың пайдасына, немесе бұл лауазымдық жағдайға байланысты, сол сияқты жасырушылыққа немесе бетімен кетушілік әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін;

Парақорлыққа делдалдық – пара берушінің немесе пара алушының тапсырмасы бойынша параны (заңсыз сыйақыны) тікелей беру не пара берушіге және/немесе пара алушыға/қатысушы тұлғаларға пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге не олардың арасындағы келісімді іске асыру үшін өзге де жағдайларға ықпал ету;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі Қоғам қызметкерлері мен лауазымды адамдарының қызметі;

Ақпарат беруші – Регламенттің 1-бөлімінде аталған бұзушылықтарға қатысты ақпарат пен мәліметтер берген тұлға;

Лауазымды тұлға – Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының мүшесі;

Қызметші, қызметкер – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам, сондай-ақ шарт бойынша агенттіктер және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт арқылы тартылатын өзге де адамдар;

БСӨ (ПРК) – басшылықтың сапа жөніндегі өкілі;

ПБД (ДУП) – Қоғамның персоналды басқару департаменті;

ЗБ (ЮО) – Қоғамның заң бөлімі;

АжСМО) ЦМКиА – Қоғамды аккредиттеу және сапа менеджменті орталығы.

Регламентте қолданылатын, бірақ айқындалмаған терминдер олар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында қолданылатын мағынада қолданылады.

## **4 Жауапкершілік және уәкілеттік**

4.1 Бұл Регламентті Басқарма төрағасы – Қоғам ректоры бекітеді.

4.2 Бекітілген регламенттің мазмұны, құрылымы және ресімделуі үшін регламентті әзірлеуші жауапты болады. Регламенттің түпкілікті редакциясы туралы шешімді БСӨ қабылдайды.

Құжаттарды рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 5 - 9
---	---	---

4.3 Регламент ережелерін Қоғам қызметкерлерінің назарына жеткізу үшін Комплаенс-қызметтің басшысы және құрылымдық бөлімшелердің басшылары жауапты болады. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (Б қосымшасы) ресімделуі тиіс.

4.4 Бөлімшедегі сапа менеджменті жүйесінің құжаттарының сақталуына, рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жария етілуіне бөлімше басшылары жауапты болады.

## **5 Жалпы ережелер**

5.1 Осы Регламент ақпаратты ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарға таралады:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды (парақорлық, алаяқтық, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, қызметтік жалғандық және т. б.) жасады немесе жоспарлады деген күдік туралы;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін бұзу немесе әлсірету туралы;

- корпоративтік әдеп және ішкі саясат кодексін сақтамау туралы;

- мүдделер қақтығысы туралы;

- жоғарыда аталған бұзушылықтарды әдейі жасыру туралы.

5.2 Қоғам сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудан бас тартқан қоғамның қызметкерлерінің/лауазымды адамдарының тәртіптік жауапкершілікке тартылмауын қамтамасыз етеді.

5.3 Қоғам тәртіптік, кемсітушілік немесе қолайсыз әсердің кез келген өзге де жауап шараларын, сондай-ақ бұзушылық туралы жауапкершілікпен хабарлаған Ақпарат берушіге қатысты оларды қолдану қаупіне жол берілмейді деп санайды.

5.4 Ақпарат берушіге, оның ішінде бұзушылыққа күдік қате болған жағдайда, бірақ Регламенттің 5.6-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда құпиялылыққа кепілдік беріледі.

5.5 Барлық қатысушы тараптар, соның ішінде ақпарат берушінің өтініші бойынша тексеру жүргізілетіндер, олардың беделіне қажетсіз зиян келтіруге жол бермеу үшін құпиялылыққа құқылы.

5.6 Ақпарат беруші орын алған бұзушылықтар туралы көрінеу жалған ақпарат берген жағдайда, оған қатысты тәртіптік жаза шаралары және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шаралар қолданылуы мүмкін.

5.7 Қоғам Ақпарат берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес оған қолданылған қолайсыз ықпал ету шараларынан (еңбек шартын бұзу, лауазымдық міндеттерін орындамау және

Құжаттарды рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 6 - 9
---	---	---

т.б.) құқық бұзушылық жасады деген күдік туралы Ақпарат берушінің ақпаратының ашылуына байланысты емес негіздерге (еңбек шартын бұзу, лауазымдық міндеттерін орындамау және т.б.) байланысты қорғаушы ұсынбайды.

## **6 Ақпаратты ашу және өтініш-шағымдарды қарау тәртібі**

6.1 Қоғамда Регламенттің 5.1-тармағында көрсетілген кез келген бұзушылықтар туралы ақпарат берушілерден хабарламаларды құпия жинау және тіркеу ұйымдастырылды.

6.2 Ақпарат беруші жедел желі байланыстары арқылы бұзушылық жасады деген күдік туралы қоғамға хабарлайды. Ақпарат берушінің өтініші жазбаша өтінішті және ықтимал бұзушылық туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтуы тиіс.

Сенім телефонының байланыстары:

Телефон: +7-7212-566622

Электрондық пошта: [compliance@kstu.kz](mailto:compliance@kstu.kz)

Сайт: <https://www.kstu.kz/komissija-po-komplaens-kontrolju-i-obespecheniju-kachestva>.

6.3 Ақпарат беруші кез келген бұзушылықты жасады деген күдік туралы хабарламаны тікелей қоғамның нақты құрылымдық бөлімшесінің басшысына жазбаша түрде жібере алады. Бұл жағдайда Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысы алынған ақпаратты дереу қоғамның Комплаенс-қызметіне жіберуге тиіс.

6.4 Ақпарат беруші ақпаратты беру тәсілін: анонимді түрде немесе өзін-өзі сәйкестендіру арқылы беруді өз еркімен таңдайды. Ақпарат беруші ақпаратты анонимді түрде беруі кейбір жағдайларда тексеруді жүргізуді қиындатуы немесе мүлде тексеру жүргізуді болдырмауы мүмкін, оның ішінде Ақпарат берушінің қосымша жәрдем көрсетуі және Ақпарат берушіден нақтылайтын ақпарат немесе құжаттамалық дәлелдемелер алуы қажеттігін ескеруі тиіс.

6.5 Ақпарат беруші ақпаратты жасырын беруден бас тартқан кезде, ақпарат берушінің дербес деректерін ықтимал бұзушылықтар туралы алынған ақпаратты бағалауға және тексеру жүргізуге уәкілетті қызметкерлер ғана пайдаланады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай ақпаратты ашуды талап ететін жағдайларды қоспағанда, ақпарат берушінің дербес деректерінің немесе ақпарат берушінің жеке басын анықтауға болатын кез келген басқа ақпараттың құпиялылығын бұзу Қоғамның уәкілетті қызметкерлері оларға қатысты тәртіптік сипаттағы шаралар қолдануға дейін әкеп соғуы мүмкін.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 7 - 9
---	---	---

6.6 Ақпарат беруші ұсынған ақпаратты Қоғамның уәкілетті қызметкерлері одан әрі тексеру жүргізудің орындылығы туралы шешім қабылдау үшін алдын ала бағалайды.

6.7 Егер Ақпарат берушінің хабарламасы одан әрі тексеруді талап етсе, қоғамның уәкілетті қызметкерлері құпиялылық жағдайында қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес барлық қатысушы тараптарға қатысты бейтарап және әділетті тергеу жүргізуді ұйымдастырады, оның ішінде информатордың өтінішіне қатысты қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

6.8 Бұзушылық жасады деген күдік туралы Ақпарат беруші ұсынған мәліметтер құпиялылық негізінде қоғамның егжей-тегжейлі тексеру жүргізуге тартылатын қызметкерлері қатарындағы басқа тұлғаларға тек қызметтік қажеттілік принципі бойынша берілуі мүмкін.

6.9 Қоғамның уәкілетті қызметкерлерін қоспағанда, ақпарат берушілер немесе кез келген басқа адамдар кез келген дербес тексерулер мен тергеулер жүргізбеуі тиіс.

6.10 Ақпарат беруші ұсынған елеулі сипаттағы мәліметтер расталған жағдайда Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры жүргізілген тексеру нәтижелері туралы егжей-тегжейлі хабардар етілуге тиіс. Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректоры тергеп-тексеру туралы есеп пен тергеп-тексеруді жүргізуге қатысатын уәкілетті тұлғалардың ұсынымдары негізінде бұзушылықтардың расталған фактілері бойынша ақылға қонымды мерзімде шешім қабылдауға тиіс.

## **7 Регламентті келісу, бекіту және қолданысқа енгізу**

7.1 Осы Регламентті келісу ҚРК-мен, ПБД директорымен, ЗБ бастығымен, қоғамның оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасымен жүзеге асырылады және «Келісім парағында» (А қосымшасында) рәсімделеді.

7.2 Регламент Қоғамның ресми сайтында одан әрі орналастыру мақсатында қазақ және ағылшын тілдеріне аударылады.

7.3 Жасаушының қолы қойылған және келісілетін қолдары бар регламентті жасаушы бекітуге береді.

7.4 Регламентті Басқарма Төрағасы - Қоғамның Ректоры бекітеді.

7.5 Регламенттің қолданысқа енгізілген күні Регламенттің бекітілген күні болып саналады.

7.6 Бекітілген Регламент қағаз тасығышта Комплаенс-қызметке сақтауға беріледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 8 - 9
---	---	---

## **8 Қолжетімділікті қамтамасыз ету**

Қоғамның бөлімшелерін Регламенттің даналарымен қамтамасыз ету қоғамның ресми сайтында орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

## **9 Сақтау**

9.1 Қоғамның ресми сайтында осы Регламенттің электрондық нұсқасын орналастырғаннан кейін Қоғам қызметкерлері онымен танысады және танысу парағына (Б қосымшасы) өз қолын қояды. Қызметкерлердің Регламентпен танысуы үшін бөлімше басшысы жауап береді.

9.2 Құжатты көбейтуге, көшірмелерін есепке алуға, рұқсатсыз пайдалануға және сақтауға бөлімше басшысы жауапты болады.

9.3 Құжаттың толық нұсқасы электронды түрде, ал титул парағы мен танысу парағы басылған түрінде сақталады.

## **10 Талдау және өзектендіру**

10.1 Регламентті тексеру, талдау және өзектендіру:

- қоғамды қайта құру/қайта атау кезінде;
- қоғамның сапа саласындағы стратегиясы, саясаты мен мақсаттары өзгерген кезде;
- сәйкессіздік процестері анықталған кезде, ішкі және/немесе сыртқы аудиттер кезінде;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамалық, регламенттеуші және келісімшарттық талаптар өзгерген кезде.

10.2 Регламентті тексеру жылына бір рет жүргізілуі тиіс.

10.4 Регламентті өзектендіруді әзірлеуші жүзеге асыруы тиіс.

10.5 Регламенттің тиісті нұсқаларының болуы электрондық нұсқалармен қамтамасыз етіледі.

10.6 Бөлімшелердегі жұмыс орындарында құжаттардың қолданыстағы нұсқаларының болуын қамтамасыз ету және жауапкершілік бөлімше басшыларына жүктеледі.

## **11 Регламентке өзгерістер енгізу**

11.1 Осы регламентке өзгерістер енгізу ДП Х-01 сәйкес жүргізілуі тиіс.

11.2 Осы Регламент заңнама өзгерген жағдайда немесе қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

11.3 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде Регламенттің жекелеген нормалары олармен

Құжаттарды рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Күдік туралы хабарлау регламенті</b>	01 версия Күні 2024.04.30. Беті 9 - 9
---	---	---

қайшы келсе, Регламентке тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.

11.4 Осы регламентке өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі. СМЖАО енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар бекітілген күннен бастап 5 күннен аспайтын мерзімде Регламенттің жаңартылған нұсқасын Қоғамның ресми сайтында орналастыруға тиіс.